

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
7М02305 - «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасына**

сараптамалық қорытынды

(сыртқы сараптама)

1. Білім беру бағдарламасын бағалау (бұдан әрі - БББ)

А) Бағдарламаның еңбек нарығындағы қажеттілігі

Білім беру бағдарламасының түлектері оқу үдерісінде оқытудың инновациялық технологияларын қолданатын филолог-педагог; ғылыми-зерттеу үдерісін және ғылыми-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыратын, үздіксіз кәсіптік біліктілікті арттыруды жоспарлайтын, білім тәжірибесіне мониторинг зерттеулер жүргізетін филолог-зерттеуші; инновациялық идеяларды жүзеге асыратын, мемлекеттік органдардың өкілдерімен байланыс орнатып, коммуникация құрай алатын мәдениаралық коммуникация менеджері; ақпарат талаптарына сәйкес медиатұлғалармен байланыс орнататын PR-менеджер; БАҚ саласында ақпарат алу, сақтау, өңдеу әдістері мен құралдарын тиімді пайдаланатын, жарнамалық және презентациялық мәтіндер құрайтын копирайтер; баяндама мәтіндерін дайындайтын спичрайтер; бағдарламаларды жүргізетін теле- және радиожүргізуші; материалдарды редакциялайтын редактор, корректор; деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға арналған компьютерлік жүйелер мен желілердің бағдарламалық және ақпараттық құралдарын қолданатын құжат айналымын ұйымдастырушы; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланып, мамандық бойынша жобалық іс-шараларды жүргізетін маман қызметтерін атқара алады. Қазіргі еңбек нарығында осы аталған мамандар жоғары сұранысқа ие.

Б) БББ-сы кәсіби қызметті реттейтін Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), Салалық біліктілік шеңбері (СБШ), Кәсіби стандарт (КС) нормативтік құжаттарға сәйкес келуі: оқыту нәтижелерінің еңбек функцияларына сәйкестігі (КС болмаған жағдайда)

БББ-сы жеке, жалпы ғылыми, кәсіби құзыреттерге, біліктер мен дағдыларға және білімге қойылатын талаптар тұрғысынан кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес келеді. Атап айтқанда, орындаушылық іс-әрекет, қойылған міндеттерді орындауға жауаптылық, орындаушылық-басқарушылық секілді жеке және кәсіби құзыреттерді қаыптастыратын БББ-сы Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) мен Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) аясындағы деңгейлерді есепке алып, жеке және кәсіби құзыреттер мен тиісті біліктілік деңгейіне қол жеткізуге байланысты қойылатын талаптарға толығымен жауап береді. Сонымен қатар Кәсіби стандарт (КС) бойынша білім беру жүйесіндегі филология саласындағы кәсіби қызметке, еңбек жағдайы мен біліктілік деңгейіне, құзыреттілікке, мазмұнға, сапаға қойылатын талаптарға да толығымен сәйкес келеді.

В) БББ мазмұнының экономиканың, қоғамның салаларын дамытудың қазіргі заманғы деңгейіне, ғылымның жетістіктеріне және жұмыс берушілердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкестігі

Білім беру бағдарламасы гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми-зерттеу мекемелері, шығармашылық ұйымдар, орта-арнайы және жоғары оқу орындарының, ұйымдастыру-әкімшілік және редакциялық-баспа, мемлекеттік басқару органдары қызметтерінің жұмысын қамтамасыз ететін кадрлар даярлауға арналған.

БББ мазмұны қоғам салаларын дамытудың қазіргі дағдылары мен біліктіліктеріне қойылатын талаптарға жауап береді. БББ-да қамтылған жалпы және кәсіптік пәндер тобы рухани жаңғыруға және қоғамның түрлі салалары үшін сұранысқа ие кадрлармен қамтамасыз етуге негізделеді.

Еңбек нарығындағы қажеттіліктерді ескере отырып кадрларды даярлау және еңбек нарығында сұранысқа ие біліктіліктер мен дағдылар бойынша оқыту міндеттерін іске асыру шеңберінде жұмыс берушілердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкес келеді.

Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар

БББ-сы білім беру мен кәсіби міндеттерді шешуде еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Осы тұрғыдан келгенде, болашақта БББ-сында жұмыс жағдайында дербес талдауды талап ететін түрлі типтік практикалық тапсырмаларды шешу құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған пәндерге бөлінетін кредит мөлшерін арттыру мәселесін қарастыру ұсынылады.

Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады / ұсынылмайды

7M02305 - «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы оқу үдерісінде пайдалануға ұсынылады.

Сараптамалық қорытынды:

7M02305 - «Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы оқу үдерісінде пайдалануға ұсынылады.

2. Сараптама жүргізген: ЖҰМЫС БЕРУШІ


1) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшы міндетін атқарушы Гулнара Тулеутаевна Камашева
(Аты-жөні, лауазымы)


(қолы) 19.02.21ж.
(күні)

2) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесі әдіскері Мырзаханова Маржан Төлентаевна
(Аты-жөні, лауазымы)


(қолы) 19.02.21ж.
(күні)

3) Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қазақ тілі пәнінің оқытушы Естемисова Сағым Барлықбаевна
(Аты-жөні, лауазымы)


(қолы) 19.02.21ж.
(күні)

